



ӘБ отырысында каралды:

ӘБ жетекшісі

*Досмағамбетов*

«31» тамыз 2023 ж

**Ақсу негізгі орта мектебінің  
дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Н.О.Досмағамбетовтың  
«Тоғызқұмалақ» үйірмесінің жылдық жұмыс жоспары.  
2023-2024 оқу жылы.**

## Түсінік хат

“Тоғызқұмалақ – ұлттық ойыны” үйірмесінің бағдарламасы жалпы орта білім беретін мектептің 1-9 сынып оқушыларына арналып жасалған. Курс 34 сағаттан тұрады, яғни аптасына 1 сағаттан оқыту ұсынылады.

**Аталған курстың басты мақсаты** – еліміздің ертеңгі азаматтары, бүгінгі оқушыларды ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды қастерлеуге, шығармашылық-рухани және дене мүмкіндіктерін дамытуға бағытталған.

### Курстың негізгі міндеттері:

- оқушыларды туған халқының әдет-ғұрпы мен дәстүрін зерделеуге ынтасын ояту;
- ұлттық спорт түрі – тоғызқұмалақ ойыны арқылы оқушылардың зияткерлік қабілеттерін дамыту;
- тарихқа құрметпен қарауға, адамгершілік пен салауатты өмір салтының негіздерін берік қалыптастырған азаматты тәрбиелеу;

Курстың басты ерекшелігі сол, орта мектептің оқу бағдарламасында оқытылмайды.

Тоғызқұмалақ - әлемдік мәдениеттің озық үлгілері мен бой теңестіре алатын рухани ойын, қисындық ойлау өнері. Бұл өнердің басты қасиеті – адам санасын жетілдіруге, ақыл-ойын кемелдендіруге ерекше күш салады. Түркі халықтарының ұрпақ тәрбиесіне жауапкершілікпен қарайтыны осы ойынның өзі дәлел бола алады. Жасөспірімдердің дене күшінің мол болуымен қатар ақылды болуына да көп мән берген бабаларымыз осы ойынды ойлап тапқан.

Бүгінгі таңда дүниежүзінде зияткерлік ойындарды дамыту, өркендету маңызды мәнге ие болып отыр. Өйткені, жеке тұлғаның біліктілік қасиеттері осындай ойындар арқылы шыңдала түседі. Зияткерлік ойындар дегеніміз – ой шығармашылығын дамытатын спорт түрі. Оның тағылымдық-тәрбиелік, танымдық құндылықтарының өзінде терапиялық сипаты қаншама. Тоғызқұмалақ, дойбы, шахмат, го, овари секілді ойындар жасөспірімдердің бойында сабырлылық, төзімділік, есептегіштік, ойшылдық қасиеттерді қалыптастырумен қатар, кең ақыл, жүйрік қиял иесі болуына да жағдай жасайды. Мысалы, Жапонияда го зияткерлік ойынын білу – қызметке қабылдау мен көтерілудің бір шарты ретінде тіркелген. Ал Англия мен Бельгияда тоғызқұмалаққа ұқсас овари ойыны сабақ ретінде оқытылады. Тіпті африкалықтар осы овариді төл математикамыз деп мақтан тұтады. Чехия мен Англияда жыл сайын зияткерлік ойындар олимпиадасын өткізіп, ел бюджетіне қыруар қаржы түсіреді. Сондықтан болар бүгінгі күні әрбір тәуелсіз ел ұлттық спорт түрлерін қарқынды түрде насихаттап, адамзаттың игілігіне айналуы үшін аянбай тер төгуде.

**Пәнаралық байланыс.** Бейіндік курстың тақырыптарын игеру барысында оқушылар тарих, валеология, дене тәрбиесі, т.б. пәндердің оқулықтарын пайдалана алады.

### Күтілетін нәтижелер:

бағдарламаны оқыту барысында оқушылар келесі нәтижелерге қол жеткізуі тиіс:

- тоғызқұмалақ ойынын толық меңгеру;
- осы ойын түрінен аудандық, облыстық, қалалық жарыстарда жүлделі орындар алу;

- оқушылардың ғылыми жоба жарыстарына қатысуы;

Курстың құрылымы мен мазмұны сабақты дәріс, жарыс, тәжірибелік т.б. түрінде өткізумен анықталады.

### **Курстың мазмұны:**

I-тарау. Тоғызқұмалақ ойынының тарихынан

Қазақстандағы спорттың даму жолы. Тоғызқұмалақ ойынының тарихы. Тоғызқұмалақ тақтасы. Ойынның ережесі мен ерекшеліктері. Жарыс өткізу ережелері. Спорттық жаттығуларды жоспарлау. Ойынды жазып жүрудің тәртібі. Тоғызқұмалақ ойынының мақсаты. Тоғызқұмалақ отауларының аттары.

II-тарау. Іс-тәжірибе сабақтары .

Ойынның басталуы – дебют. Ойынның ортасы – миттельшпиль. Ойынның аяқ шені – эндшпиль. Атсырау. Терең атсырау. Жүрістердің санын есептеу жолы. Комбинация арқылы құмалақтар ұту. Психологиялық дайындық. Кесте арқылы жүріс санау. Тактикалық тәсілдер.

III-тарау. Тұздық ережесінің дүниетанымдық мәні .

Тұздық ережесінің дүниетанымдық мәні. Тұздықтардың атқаратын қызметі. Тұздықтар алмасуы. Амалсыз тұздық алу жолдары. Амалсыз тұздық байлықпен алу. Амалсыз тұздық байлықсыз алу. Тұздықтар тартысы. Тұздықтар тартысына құрылған этюдтер. Күрделі позицияларды есептеу жолдары. Этюдтердің шешулері. Дене шынықтыру дайындығы, қимыл-қозғалыс ойындары. Қабылдау-көшіру сынақтары (жарыстар)

Тоғызқұмалақ үйірмесінің жоспары

|    | Өтілетін сабақтың тақырыбы              | Сағат саны | Өтілетін мерзімі |
|----|---|------------|------------------|
|    | Тоғызқұмалақ тарихы                     | 1 сағ      | 05.09.2023       |
|    | Тоғызқұмалақ ойыны туралы жалпы түсінік | 1 сағ      | 12.09.2023       |
|    | Ойынды жазу тәртібі                     | 1 сағ      | 19.09.2023       |
| 4  | Тоғызқұмалақ отаулары жайлы түсінік     | 1 сағ      | 26.09.2023       |
| 5  | Тоғызқұмалақ әліпесі                    | 1 сағ      | 03.10.2023       |
| 6  | Жүрістің түрлері                        | 1 сағ      | 10.10.2023       |
| 7  | Тұздық немесе тұзды үй                  | 1 сағ      | 17.10.2023       |
| 8  | Екі жақты ойын                          | 1 сағ      | 24.10.2023       |
| 9  | Бай отаулар                             | 1 сағ      | 07.11.2023       |
| 10 | Ат және атсырау                         | 1 сағ      | 14.11.2023       |
| 11 | Жүрісті есептеу                         | 1 сағ      | 21.11.2023       |
| 12 | Тоғызқұмалақ нотациясы мен партиялары   | 1 сағ      | 28.11.2023       |
| 13 | Жүрістерді талдау                       | 1 сағ      | 05.12.2023       |
| 14 | Ілгері және кері есеп                   | 1 сағ      | 12.12.2023       |
| 15 | Қанды қақпан ойнау                      | 1 сағ      | 19.12.2023       |
| 16 | Бай отаулардың жүрістерін талдау        | 1 сағ      | 26.12.2023       |
| 17 | Екі жақты ойын                          | 1 сағ      | 09.01.2024       |
| 18 | Ілгері және кері есеп                   | 1 сағ      | 16.01.2024       |
| 19 | Отауларға тоқталу                       | 1 сағ      | 23.01.2024       |
| 20 | Ережемен ойнау                          | 1 сағ      | 30.01.2024       |
| 21 | Тұздық немесе тұзды үй                  | 1 сағ      | 06.02.2024       |
| 22 | Бай отаулар                             | 1 сағ      | 13.02.2024       |
| 23 | Аатсырау                                | 1 сағ      | 20.02.2024       |
| 24 | Жүрісті есептеу                         | 1 сағ      | 27.02.2024       |
| 25 | Тоғызқұмалақ нотациясы мен партиялары   | 1 сағ      | 06.03.2024       |
| 26 | Жүрістерді талдау                       | 1 сағ      | 13.03.2024       |
| 27 | Ілгері және кері есеп                   | 1 сағ      | 20.03.2024       |
| 28 | Қанды қақпан ойнау                      | 1 сағ      | 03.04.2024       |
| 29 | Бай отаулардың жүрістерін талдау        | 1 сағ      | 10.04.2024       |
| 30 | Ілгері және кері есеп                   | 1 сағ      | 17.04.2024       |
| 31 | Отауларға тоқталу                       | 1 сағ      | 24.04.2024       |
| 32 | Ат және атсырау                         | 1 сағ      | 08.05.2024       |
| 33 | Жүрісті есептеу                         | 1 сағ      | 15.05.2024       |
| 34 | Ережемен ойнау                          | 1 сағ      | 22.05.2024       |